


АКЦИОНЕРНОЕ
АТЗ-ЗНЗ - ЗАРПЛАТ
ОТРАБАТОВКА

Мақсаты: Оқушылардың ата-ана алдындағы парызын, міндеттерін ұғынуға, ұнамсыз жайлардан бойын аулақ салуға, отбасындағы жауапкершілікке, өзгелермен достық қарым-қатынаста болуға, ар-намыс сезімдерінің оянуына ықпал ету.



Ата-ана деген кім?

Қазақтың ұлы
адамдарының
арасынан кімдердің
ата-анасы туралы
не білеміз?

I топ. Сабағына үлгілі, көп сөйлемейтін Жарас қаладан жақында ғана көшіп келді. Сен онымен бірден достасып алдың. Бірақ ата-анаң сенің қасындағы досыңды ұнатпады, бірге жүруге рұқсат етпеді.

Сұрақ: 1. Сен ата-анаңды досыңның жақсы екеніне қалай сендіресің?

2. Әлде достық қарым-қатынасты үзесің бе?

3. Достық туралы 5 мақал айт.

II топ. Нұрлан мектептегі «Тұмар» пікір - сайыс клубына жазылмақшы болды. Осы ойын ата-анасына жеткізді. Ата-анасы Нұрланның ойына қарсы болды. Оны анасы ағылшын тілінен өтетін үйірмеге жаздырып қойғанын, қазіргі заманға ағылшын тілінің маңызды екендігін баса айтты. Ал Нұрланның бар ойлағаны, өзінше бір жасаған шешімі құмға сіңген судай жоқ болды да кетті. Үнемі ата-анасының айтқанын дұрыс санап, соны басты назарға алатын Нұрлан тағы да ата-анасымен келісуге мәжбүр болды.

Сұрақ: 1. Нұрланның ата-анасының іс-әрекетін қалай бағалайсың?

2. Нұрланның ата-анасының шешімімен келісуі дұрыс па?

3. Тәрбие туралы 5 мақал айту




III топ. Компьютер ойнауға ақша таба алмай отырған Ерлан мен Марат біраз ақылдасады. Ерланның есіне асханада ақша майдалатқан Қайрат түседі.

Сол Қайратты қорқытып, ақшасын тартып алу керектігін Маратқа айтады. Сол мезетте келе жатқан Қайратты Марат алдап шақырады. Ойында ештеңе жоқ Қайратты Ерлан артынан келіп бас салып, ақша тауып беруін талап етеді. Алғашқыда ойын екен деп ойлаған ол, ақшасының жоқ екенін айтса да, соңынан бұл істің қалжың емес екенін ұғып, қалтасындағы бар ақшасын бере салды. Аман-есен құтылғанына қуанған ол анасына айтатындығын ескертеді. Ерлан мен Марат егер бұл істі біреуге айтса, онда жақсылық болмайтынын Қайратқа жақсылап ұғындырады.

Сұрақтар: 1. Осы көріністе Ерлан мен Марат қандай қылмыс жасады?

2. Ерлан мен Мараттың қылмыс жасауына не себеп болды?




3. Адам бойындағы жаман қасиеттер туралы халық даналығы не дейді?



әке

ұқсастығы

ана





Жүректі, батыр,
бір сөзді, қатал,
отбасын асырау,
еңбекқорлыққа тәрбиелеу,
парасаттылыққа,
табандылыққа,
сыпайлылыққа,
жауапкершілікке,
мейірімді, кешірімді,
жұмсақтық, ашықтық,
қамқоршы

1. Ата-анаңды қандай қылықтарыңмен ренжітесің?
2. Ата-анаңды қандай қылықтарыңмен қуантасың?
3. Ренжіткенде ата-анаңнан кешірім сұрайсың ба?
4. Ата-анаң сенің пікіріңе жиі қарсылық білдіре ме?
5. Өзіңнің құпияңды кімге сеніп айтасың?
6. Сенің мінезіңде қандай кемшіліктер бар?
7. Ата-анаң сені қалай атайды?
8. Жаңұяңда сен үшін не қымбат?
9. Сен ата-анаңның екеуін бірдей жақсы көресің бе? Әлде біреуін ерекше жақсы көресің бе?
10. Ата-анаң сенің достарыңды біле ме?
11. Егер сен сиқыршы болсаң, жаңұяңа қандай жағдай жасар едің?

1. Перзент үнемі ата-анасының қас-қабағына қарап, олардың қасында өзін кішік санап, күлімсіреп, жай сөйлеуі керек.
2. Перзент ата-анасының ақысын ескермей, айтқандарын істемей, оларға қарсы шықса, ондай кісі үшін ешқандай қайыр, жақсылық жоқ. Алла Тағала мұндай адамдарды қатты азаптайды. Өйткені ата-анаға қарсы шығу Алла Тағалаға қарсы келумен тең. Әрі ондай перзент үшін бұл дүниеде де, ақыретте де бақытты өмір болмайды.
3. Алла Тағала қаласа барлық күнәні кешіреді. Тек қана ата-анасына зұлымдық жасап, оларға азап көрсеткен кісілерді кешірмейді және мейірім жасамайды.

Балардың есіне!

1. Ата-аналарыңды сүйіңдер, бағалаңдар және құрметтеңдер, олардың орнын ешкім ауыстыра алмайды.
2. Жалқауланбаңдар, әр уақытта ата-аналарыңа көмектесуге даяр болыңдар , бұл оларға қуаныш әкеледі.
3. Саған әкеңнің ризашылық жүзі, анаңның күлкісі ұнай ма? Ендеше, ол кісілер әр уақытта осылай болса десең, олардың көңілінен шығуға тырыс.
4. Ақын Марина Цветаеваның «Ата-анаңа қатты ренжіме, есінде болсын, олар да сендердей болған, ертең сен де солардай боласың» - деген сөзін ұмытпа.